



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Мен мамандық таңдаймын...» республикалық интернет-байқауды
қашықтықтан өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Мен мамандық таңдаймын...» республикалық интернет-байқауды жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұйымдастыру және қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі – Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: білім алушылардың Қазақстанның келешек экономикасы мен еңбек нарығына қажетті және сұранысқа ие болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауы үшін мамандықтарды зерделеудегі шығармашылық ыңғайын белсендендіру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық-мәнді кәсіптік бағдар қызметіне тарту.

3. Міндеттері:

білім алушылардың өзін-өзі тануы мен кәсіби өзін-өзі айқындауына ынталандыру;

жастар ортасында кәсіби, еңбек құндылықтарын көтермелеу және кіші отанын дамытуда өзінің шығармашылық әлеуетін қолдануы;

отбасылық құндылықтар, дәстүрлер және еңбек әулеттерін нығайту және дамыту;

балалардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау;

мамандықтар нарығының мазмұнымен және келешегімен, оның түрлерімен, игеру жағдайларымен, кәсіптің адамға қоятын талаптарымен, кәсіби біліктілікті арттыру мүмкіндіктерімен танысу;

өндірістің заманауи түрлерімен танысу;

балаларды кәсіби бағыттау бойынша жұмыстар жүргізу, олардың мамандыққа қызығушылықтарын қалыптастыру;

кәсіптік, өндірістік және әлеуметтік бейімделу бойынша шаралар қабылдау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділқазылар алқасының құрамын қалыптастырады. Құралған әділқазылар алқасы Байқау Ережесінің анықталған мәліметтерімен танысады және критерийлерге сәйкес нұсқаулықтан өтеді, жобаларды бағалайды.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Интернет-байқау **2017 жылғы 21 тамыз – 4 қараша** аралығында балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 20-қазанға дейін** қабылданады. **2017 жылғы 20 қазаннан** кейін түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін Байқау материалдары қарастырылмайды.

7. Байқауға қатысу үшін **iprofession_konkurs17@mail.ru** электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1) төменде берілген үлгіге сәйкес өтінімді;

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Облыс	Қала, ауыл	Номинация, жұмыстың аты	Білім беру ұйымының атауы, сыныбы, курсы	Жетекшінің толық аты-жөні	Байланыс телефондары

2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);

3) байқау жұмысын.

Анықтама телефондары: **8 (7172) 72 98 99** («Мен мамандық таңдаймын» байқауы).

8. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқау ұйымдастырушылары байқау материалдарының авторын көрсете отырып, оны БАҚ-та жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін **1500** (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БСН 990140004733

ЖСК KZ918560000005068448

БСК KСJВKZKX

КНП 859

Кбе 16

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қ.

Төлемақы аталуы: «Мен мамандық таңдаймын» байқауы.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2017 жылғы 04 қарашада** **www.ziyatker.org** сайтында жарияланады.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

11. Ұсынылған жұмыстар Байқаудың тақырыбы мен номинацияларына сәйкес болуы шарт.

12. Байқауға 8-18 жас аралығындағы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушылары келесі жас санаттарында қатыса алады:

- 8-10 жастағы кіші санат;
- 11-14 жастағы орташа санат;
- 15-18 жастағы ересек санаты.

13. Зерттеу жобаларының байқауы келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Мен мамандық таңдаймын...» тақырыбына ой толғау-шығарма.

Аталған номинация нақты мамандық туралы ой толғауды, нақты кәсіпті, мамандықты таңдау себептерін, кәсіп, мамандық ерекшелігінің адамның мінезі-құлқы мен темпераментіне сәйкестігі, осы жұмыстың артықшылығы мен кемшіліктерін қарастырады.

Шығарма (Times New Roman - шрифтінде, А4 форматында, 14 шрифт өлшемі, жол: сол жағынан -3 см, оң жағынан -1,5 см, аралық интервалы –1 (жалаң) басылған түрде болуы керек. Мәтінде жалпы қабылданған

қысқартулардан басқа атаулар, аттар қысқартылмауы тиіс. Ұсынылған жұмыстың көлемі 3 баспа беттен аспауы тиіс.

Жұмыстың алғашқы бетінде Байқау аты, шығарма тақырыбы, Байқау қатысушысы туралы мәліметтер: автордың және жұмыс жетекшісінің (толық) аты, жөні, тегі, жасы, білім беру ұйымы, облыс, аудан (қала), ауыл аты, e-mail, ұялы телефоны көрсетілуі қажет.

2. «Менің болашақ мамандығым» зерттеу жұмысы.

Номинация нақты мамандық бойынша зерттеу жұмысын жүргізуді қарастырады. Өз пікірлерін нақты деректік материалдарды қолдану арқылы дәлелдеуі қажет (мамандық сипаттамасы, оның ерекшеліктері, қоғамға пайдасы, осы мамандық бойынша табысқа қол жеткізген адамдармен сұхбат, мамандықтың болашақтағы дамуы, аталған мамандықтағы адамның тұлғалық өсуі, мамандықты алу кезеңдері және т.б.).

Номинацияда мамандықты бағалауда әртүрлі көзқарастардың болуы, зерттеудің: бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларға талдау жасау, сауалнама жүргізу, сұрау, сұхбаттасу дағдыларын пайдалану түрлері қолданылады.

Жұмыстар компьютерлік терімнің негізгі талаптарына сәйкес А4 форматында, 14 шрифтпен, жоларалық интервалы –бір жол болуы қажет. Ұсынылған электронды материалдың (қосымшасыз) көлемі 5 баспа беттен аспауы тиіс. Қосымша көлемін 1 Мб-тан асырмау керек. Жұмыс атауын, байқауға қатысушының Т.А.Ж.; жасы, білім беру ұйымы, e-mail, ұялы телефоны, облыс, аудан (қала), ауыл атын көрсету қажет.

3. Бейнероликтер байқауы. Таңдауға арналған үлгілік тақырыптар: «Менің отбасымдағы еңбек әулеті»; «Өз өмірімді арнайтын ісім»; «Мен жұмысшы болар едім...»; «Ең қауіпті кәсіп»; «Ең ... мамандық» және т.б. еркін тақырыптар.

Бейнероликті бейнеанимациялық, қойылымдық ойын бейнефильмі ретінде орындауға, телефон немесе бейнекамераға түсірілген, кез келген бейне редакторда өңдеуге болады.

Қабылданатын форматтар: MPEG4, AVI. Байқау жұмысының ұзақтығы 4 минуттан аспауы тиіс.

Бейнесюжет басында жұмыс атауы, автордың аты-жөні, тегі, жасы, жетекшінің толық аты-жөні, білім беру ұйымы, облыс, аудан (қала), ауыл атаулары, e-mail, ұялы телефоны көрсетілуі қажет.

4. «Еңбектің барлығы жақсы –талғамыңа қарай таңдау жаса!» суреттер байқауы.

Суреттерді кез келген техникада (қарындаш, түрлі-түсті қарындаш, пастель,

тушь, акварель, гуашь, майлы бояу және т.б.) орындауға болады. Жұмыстың форматы –А4. Титул парағында: қатысушының аты-жөні, жасы, жұмыстың аты; номинация атауы; жетекшінің аты-жөні, тегі; білім беру ұйымының аты, облыс, аудан (қала) ауыл, e-mail, ұялы телефоны көрсетілуі тиіс. ***Байқауға суреттің фотосы электронды нысанда жолданады.***

14. Байқауға ұсынылған жұмыстарды бағалау критерийлері:

-Байқау номинациялары бойынша талаптарға, байқау жұмыстарының тақырыптарының мазмұнына сай болуы;

-тақырыпты толық ашуы;

-тақырыпты анықтау тереңдігі;

-шығармашыл тұрғыдан ойлау шеберлігі;

-материалды берудегі нақтылығы, анықтығы және логикасы;

-материалды мазмұндауда қолжетімділік пен сендіру;

-мәтіннің сауаттылығы;

-материалды ұсынудағы шығармашылық тәсіл;

-ресімдеудегі сауаттылық пен ұқыптылық;

-байқау жұмыстарын ресімдеу талаптарына сәйкестігі;

-көркемдік шеберлігі (суретті орындау техникасы мен сапасы);

-композициялық және түстік шешімі;

-сандық өңдеу сапасы;

-техникалық талаптарға сәйкестігі.

15. Байқауға қатысу үшін бір қатысушыдан бір номинация бойынша бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға бір қатысушыдан бір жұмыс қана қабылданады. Төлем әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жүзеге асырылады. Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

16. Бөгде адамның материалдары мен Ғаламтор желісіндегі материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

17. Байқаудың қорытындысы бойынша Әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org → орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар → «**Мен мамандық тандаймын...**» байқауы → әрі қарай сайт парақшаларында орналастырылады.